

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 136 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының  
міндетін уақытша атқарушы*

*К. Минасян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 1 қарашадағы  
№ 136 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Қызметін кеден ісі саласында жүзеге асыратын тұлғалардың, бос қоймалар иелерінің, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ резиденттерінің (қатысушыларының) жалпы тізілімін қалыптастыру туралы" 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 271 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және оларды сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## **II. Қолданылу аясы**

2. Осы Қағидалар "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың

арасындағы осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдер сипаттамасын қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Жалпы процеске қатысушылар осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындаудың тәртібіне бақылау жүргізу кезінде, сондай-ақ жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

### **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"тарихи деректер" – бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімі қалыптасқан кезден бастап сақталатын және оған өзгерістер енгізу көзделмейтін ақпарат;

"ұлттық тізілім" – оны қалыптастыруды және жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттің кеден органы жүзеге асыратын бос қоймалар иелерінің тізілімі;

"жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектінің өмірлік циклінің белгілі бір сатысын сипаттайтын және жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгертін қасиет.

Осы Қағидаларда қолданылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық нысаны", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесімен айқындалған мәндерде қолданылады.

### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.CC.07, 1.0.0 нұсқасы.

#### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жалпы процеске қатысушыларға бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді беру жалпы процестің мақсаты болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) заңды

тұлғаларды ұлттық тізілімге енгізу және одан алып тастау, бос қоймалар иелері ретінде қызметті тоқтату (қайта бастау) туралы, сондай-ақ ұлттық тізілімдегі заңды тұлғалар жөнінде мәліметтердің өзгеруі туралы ақпаратты алуын қамтамасыз ету;

б) Комиссияға келіп түскен ақпарат негізінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің автоматты түрде қалыптастырылуын және оның Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету;

г) Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ақпараттық жүйелерінің сұрау салуы бойынша бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынылуын қамтамасыз ету.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыруға, жүргізуге және пайдалануға жауапты Комиссияның құрылымдық бөлімшесі
P.CC.07.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	ұлттық тізілімді жүргізуге және бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін оны Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ кеден операцияларын жасау және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді пайдалануға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.CC.07.ACT.002	мүдделі тұлға	өз қызметінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді пайдаланатын сыртқы

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері;
- в) бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған ұлттық тізілімдердегі заңды тұлғалар туралы мәліметтер негізінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады.


Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру кезінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енгізілген, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу және одан алып тастау, бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту рәсімдері орындалады.

Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты алу;
- бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу;
- бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу

Мүдделі тұлғаларға бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну кезінде мүдделі тұлғаларға бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы схема берілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (Unified Modeling Language – модельдеудің біріздендірілген тілі) графикалық нотациясы пайдалана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

#### 4. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтердің өзгергені (қосылғаны, алып тасталғаны) туралы ақпаратты алған кезден басталады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органында ұлттық тізілімді жүргізу кезінде осы мемлекеттің заңнамасының талаптарына сәйкес ұлттық тізілімге заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қосу туралы құжаттардың тіркеу нөмірлерінің бірегейлігі қамтамасыз етіледі.

Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізу кезінде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімі орындалады.


Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғаларды енгізу кезінде мәлімделген, ұлттық тізілімдегі заңды тұлғалар туралы мәліметтер өзгерген жағдайда "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімі орындалады.

Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімнен алып тастау кезінде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімі орындалады.

Егер ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу процесінде заңды тұлғалар туралы мәліметтердің ұлттық тізілімге енгізілгенін растайтын құжаттың тіркеу нөмірі өзгерген болса, онда заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну 2 рәсімді: "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімі және "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімі пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 136 шешімімен бекітілген "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 136 шешімімен бекітілген "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

16. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

**Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.PRC.001	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу	рәсім бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастыруға және оларды Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.07.PRC.002	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту	рәсім бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған
		рәсім бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар жөніндегі мәліметтерді алып



## **5. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдерінің тобы**

18. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу;

бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу;

бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу.


Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталған, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде бар, Комиссияда сақтауда жатқан заңды тұлғалар туралы мәліметтермен үйлесімді ету қажеттілігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.07.PRC.004) рәсімі орындалады.

Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияда сақтауда жатқан бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген барлық заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерге тарихи деректер ескеріле отырып толық көлемде не белгілі бір күндегі және уақыттағы жағдай бойынша сұрау салынады. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне бастапқы жүктеу кезінде

пайдаланылады. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу" (P.CC.07.PRC.005) рәсімі орындалады.

Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейінгі өзгерістер енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтер ұсынылады. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу" (P.CC.07.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде берілген.

3-кесте

**Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.PRC.004	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталған бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтермен үйлесімді ету қажеттілігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауы үшін арналған
P.CC.07.PRC.005	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу	рәсім бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алуға арналған
P.CC.07.PRC.006	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталған бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтермен үйлесімді ету үшін арналған


**6. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобы**

21. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну кезінде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузер терезесінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді іздеу және (немесе) жүктеу параметрлерін береді, браузер терезесінде берілген бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен ақпаратпен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында жүзеге асырылады.

22. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

**Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.PRC.007	Одақтың ақпараттық порталы арқылы бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу	рәсім Одақтың ақпараттық порталының веб-интерфейсін не сол порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, осы ақпараттық портал арқылы бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алуға арналған

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

**Ақпараттық объектілер тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.BEN.001	заңды тұлғалар туралы мәліметтер	мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін ұсынатын ұлттық тізілімнен заңды тұлғалар туралы мәліметтер
P.CC.07.BEN.002	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жай-күйі туралы ақпарат	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы ақпарат
P.CC.07.BEN.003	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімі	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтер

**VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі**

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары**

26. Жалпы процесс анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) қасиетін сипаттау 6-кестеде берілген.

6-кесте

**Жалпы процесс анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) қасиетін сипаттау**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдері атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010


			жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.015	көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптаушы	сыныптауыш	көлік құралдары және тауарларды тасымалдау түрлерінің тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.025	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптаушы	сыныптауыш	мүше мемлекеттердің кеден органдары кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды

## VIII. Жалпы процесс рәсімдері

### 1. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

#### "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімі

27. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

28. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізген кезде орындалады.

29. Бірінші болып "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.07.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

30. Комиссия бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтер енгізіледі және бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жөніндегі хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберіледі.

31. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жөніндегі хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу

туралы хабарламаны алу" (P.CC.07.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесінде бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғаларды енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.07.OPR.004) операциясы орындалады.

33. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу және бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

34. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде берілген.

7-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.OPR.001	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 8-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.002	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.003	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жөніндегі хабарламаны алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.004	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 11-кестесінде берілген

8-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.07.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3



1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.001
2	Операцияның атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарттары	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтер Комиссияға берілді

9-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.002) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.002
2	Операцияның атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарттары	Комиссия бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды

		тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.07.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізеді, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жөніндегі хабарламаны қалыптастырады және оны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	заңды тұлғалар туралы мәліметтер бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілді, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жөніндегі хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

10-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.07.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.003
2	Операцияның атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
		орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды

4	Орындалу шарттары	тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарлама өңделді


11-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.07.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.004
2	Операция атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарттары	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу кезінде орындалады ("Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	заңды тұлғалар туралы енгізілген мәліметтерді қамтитын бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімі

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімі**

35. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту (P.CC.07.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

36. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде орындалады.

37. Бірінші болып "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.07.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

38. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміндегі заңды тұлғалар туралы мәліметтерді жанарту жүзеге асырылады және бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

39. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.07.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау" (P.CC.07.OPR.008) операциясы орындалады.

41. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу және заңды тұлғалар туралы өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

42. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде берілген.

12-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.OPR.005	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 13-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.006	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде берілген

P.CC.07.OPR.007	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.008	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде берілген

13-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтер ұсыну" (P.CC.07.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.005
2	Операцияның атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарттары	ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтер Комиссияға берілді

14-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.006) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы

1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.СС.07.ОПР.006
2	Операция атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарттары	орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.СС.07.ОПР.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізеді, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	заңды тұлғалар туралы мәліметтер бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінде өзгертілді, бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу" (Р.СС.07.ОПР.007) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.СС.07.ОПР.007
2	Операция атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарттары	орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (Р.СС.07.ОПР.006))
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама өңделді

16-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау" (Р.СС.07.ОПР.008) операциясының сипаттамасы**


р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.СС.07.ОПР.008
2	Операция атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау



3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарттары	бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілген кезде орындалады ("Бос қоймалар иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.CC.07.OPR.006))
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды жүзеге асырады
7	Нәтижелер	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімі**

43. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

44. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімі ұлттық тізілімнен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады.

45. Бірінші болып "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.07.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органында бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер қалыптастырылады және Комиссияға ұсынылады.

46. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тиісті заңды тұлғалар туралы мәліметтер бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен алып тасталады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау туралы хабарлама жіберіледі.

47. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу" (P.CC.07.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

48. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Бос қоймалар иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.07.OPR.012) операциясы орындалады.

49. Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау және бос қоймалар иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

50. "Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.07.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде берілген.

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау"  
" (P.CC.07.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.07.OPR.009	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 18-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.010	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.011	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде берілген
P.CC.07.OPR.012	бос қоймалар иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 21-кестесінде берілген

18-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.07.OPR.009) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.009
2	Операция атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарттары	ұлттық тізілімнен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып

		тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға береді
7	Нәтижелер	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға берілді

19-кесте

**"Бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.07.OPR.010) операциясының сипаттамасы**

р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.07.OPR.010
2	Операция атауы	бос қоймалар иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
